

## 2009 жылы Мүгедектер күні қарсаңында азаматтарға біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 25 маусымдағы N 25 /16 қаулысы. Қарағанды облысы Теміртау қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 шілдеде N 8-3-83 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 25 наурыздағы N 11/12 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2010.03.25 N 11/12 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына , Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабын басшылыққа ала отырып, Теміртау қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 25 желтоқсандағы 14 сессиясының " 2009 жылға арналған қалалық бюджет туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8-3-68 нөмірмен тіркелген, 2009 жылғы 14 қаңтардағы, 21 қаңтардағы N 2, N 3 "Зеркало" және 2009 жылғы 15 қаңтардағы N 3 "Теміртау" газеттерінде жарияланған) N 14/4 шешімін орындау үшін Теміртау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүгедектер күні қарсаңында мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және арнайы мемлекеттік жәрдемақы алатын барлық топтағы мүгедектер мен мүгедек-балаларға біржолғы материалдық көмек көрсетілсін.

2. "Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Қарағанды облыстық филиалының Теміртау қалалық бөлімшесінің 2009 жылғы 1 тамыздағы базамен салыстырған тізім бойынша жоғарыда көрсетілген азаматтар санатына біржолғы материалдық көмек төлемдерін төлесін;

2) көрсетілетін біржолғы материалдық көмектің көлемі қалалық бюджеттен осы мақсатқа бөлінген ақшалай қаражаттың сомасына байланысты белгіленсін;

3) көрсетілетін біржолғы материалдық көмекті уақтылы тағайындауды және

